

**«Ойыншықтың шығу
тарихы және оның
түрлері»**

**Алтай Зарина
МДБ-Т-14**



*** Ойыншық – нәзік зат болғандықтан оның өмірі де қысқа, сондықтан ойыншықтың пайда болған уақыты да белгісіз.**

*** Ойыншық – баланы жан-жақты тәрбиелеу мақсатына пайдаланылады. Баланың дүниетанымын кеңейтуге көмектеседі, белгілі бір мақсаттағы, ойластырылған әрекетке үйретеді, қиялын дамытып, еңбекке сүйіспеншілігін, техникаға қызығушылығын, білуге құмарлығын, аңғарғыштығын қалыптастырады, талғампаздыққа тәрбиелейді, өнерге ынталандырады. Ойыншықпен ойнауға белгілі жағдайда педагогикалық, эстетикалық, гигиеналық, техникалық талап қойылады, сондай-ақ ол баланың жас ерекшелігіне қарай өзгеріп отырады.**

* Шығу тарихы

* Баланың ең алғашқы ойыншығы – сылдырмақ. Ежелгі Грекияда және Римде сылдырмақты жаңа туған балаға сыйлаған. Сонымен бірге ежелгі наным сенімдер бойынша сылдырмақты сылдырлату арқылы жын-шайтандарды үркітеді деп сенген. Ең ежелгі ойыншық б.з.д III ғасырда пайда болған. Ежелгі ойыншықтарды ағаштан, саздан, сүйектен және металдардан жасаған.

***Ежелгі славян халқында көптеген жылдар бойы табиғат анаға құрбандық шалу рәсімі болған. Құрбандыққа тек әйелдерді шалған. Осындай азаптан әйелдерді құтқару үшін бір шебер адам құрбандыққа тірі әйелдің орнына қуыршақ шалуды ұсынады.Сөйтіп ең алғашқы славян халқының қуыршағы осылай пайда болған.**

*** Ойыншықтар қашан пайда болды?**

***Болжамдар бойынша ойыншықтар алғашқы адамдар дәуірінде пайда болды деуге де болады.Архелогтар қазба жұмыстары кезінде көне молалардан адамдармен бірге әртүрлі ойыншықтардың да жерленгені анықталды.Ежелгі грек балаларының сүйікті ойыншықтары ат бейнесі ағаштан, саз балшықтан жасалынған.**

***ҚЫЗЫҚТЫ МӘЛІМЕТ!**

***Ежелгі грек қыздары тұрмысқа шыққанша қуыршақтарымен ойнап, тұрмысқа шығу салтанатында Гера, Артемида және Афродита құдайларына қуыршақтарын сыйға тартқан.**

*** Ойыншыққа қойылатын негізгі талаптардың бірі:**

*** Мазмұнының идеялық бағыты, адамгершілік тәрбие міндеттеріне сәйкестігі. Ойыншықтарда Қазақстан халықтарының өмірі, бейбітшілік, еңбек, адамға жағымды көзқарас, адамдардың балалардың осы заманға көлік құралдарымен, байланыс құралдарымен танысуына мүмкіндік беретін техникалық ойыншықтар.**

*** Ойыншықтың жасалуына қойылатын талап:**

*** Ойыншықтардың түсінігі және қызықты болуы, ол балалар өмірін, оқиғаларын шығармашылықпен бейнелеуге, бірлесіп ойнауға ықыласын күшейтеді, бірлескен ойындарда достық қарым-қатынас, өз тілегін құрдастар тілегімен үйлестіре білу, ұйымшылдық, өзара көмек, әділдік, адалдық қасиеттері қалыптасады.**

Ойыншықтардың маңызы


Балалардың
ой-өрісін
кеңейтеді

Достық
қарым-
қатынас
қалыптасты
рады

Дербестін
дамытады

Заттар мен
құбылыстарға
ықыласын
тәрбиелейді


Өз әрекеттерін
үйлестіру қабілеті
қалыптасады




Ойыншықтардың
талаптары




Идеялық
бағыты, тәрбие
міндеттеріне
сәйкестігі



Балалар
өміріне
қауіпсіздігі



Жақсы
көркемд
елуі



Икемді
болуы



Жууға, дезинфекциялауға
өтектеуге мүмкін болуы

***Гигиеналық талап!**

***Олардың балалар өміріне қауіпсіз болуын көздейді.Олар балалардың денесін зақымдайтын үшкір немесе қыры жұқа болмауы керек.Берік және қауіпсіз бояулармен боялады және гигиеналық өңдеуге,жууға,дизинфекцияланған ертіндімен сүртуге,өтектеуге оңай болуы тиіс.**

*Ойыншық түрлері:

- ✓ Образды ойыншықтар
- ✓ Техникалық ойыншықтар
- ✓ Ермек ойыншықтар
- ✓ Спорттық ойыншықтар
- ✓ Театр ойыншықтары
- ✓ Қолдан жасалған ойыншықтар
- ✓ Шырша ойыншықтар
- ✓ Музыкалық дыбыс шығаратын ойыншықтар

* **Алғашқы пүліш аю 1894 жылы пайда болды. Бұл ақпарат оның табанына тігілген жапсырмамен расталады. Таңқаларлық жайт, алайда алғашқы пүліш аю әлі күнге дейін бір отбасында өмір сүріп келеді.**



* Ең қымбат кейіпкер - Микки Маус, ол 1939 жылы шығарылған. Бұл қуыршақ 1998 жылы бір аукционда 83,5 мың долларға сатылған. Сатылған мүсін Микки Маустың қазіргі бар түр-тұлғасынан түбегейлі түрде ерекшеленеді. Ойыншықтың қолдары ұзын, бет-әлпеті де басқаша және құлақтары да сол типтегі заманауи ойыншықтардағыдай емес, басқаша орналасқан.



* Кубик Рубикті Венгрияда мүсінші болып жұмыс істейтін Эрно Рубик ойлап шығарған. Әлемде осындай кубиктердің 300 миллионға жуығы сатылған. Егер олардың барлығы бір қатарға тізіп қоятын болсақ, онда олар Солтүстік полюстен Оңтүстік полюске дейін созылады екен.



- * Барби қуыршағын жасап шығарушы - Руд Хэндлер оны өз қызының құрметіне атаған, ал Кен атауы ұлының құрметіне қойылған.



* Әлемдегі ең танымал құрастырушының ұйымы - Lego шамамен 320 миллиардтай тетіктерді сатылымға шығарған. Бұл дегеніміз, әрбір адамға 52 тетіктен келеді деген сөз. Жыл сайын шамамен 120 миллиондай кішкентай шиналар шығарады.



* «Монополия» - ең танымал экономикалық ойындардың бірі, оны 1932 жылы еш жерде жұмыс істемейтін Чарльз Бэрроу ойлап тапқан. Буффалолық клубтың мүшелері су астында ойнау ұзақтығы бойынша абсолюттік рекорд орнатқан, ол 1080 сағатқа созылған. Рекорд 1983 жылы тіркелген.



- Пайдаланылған әдебиеттер:
 1. Мектепке дейінгі педагогика кітабы. Авторы: Аңдабекова
 2. <http://bilim-all.kz/article/2852-Oiynshyqt-ar-turaly-dereker>
 3. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9E%D0%B9%D1%8B%D0%BD%D1%88%D1%8B%D2%9B>
 4. <http://alashainasy.kz/darynokuortalygy/oyynshyiktar-kalay-payda-boldyi-60337/>



Назарларыңызға рахмет!

Қызылорда, 2017ж